

Бейімбет Майлин ауданының Ақсуат ауылы шекараларындағы Тобыл өзенінде көлденең арна астындағы кәріз учаскесінде Тобыл орталықтандырылған сіңіру шаруашылық-ауыз су тартудың санитарлық қорғау аймақтарын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы әкімдігінің 2013 жылғы 16 қазандағы № 444 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 27 қарашада № 4309 болып тіркелді. Тақырып жаңа редакцияда - Қостанай облысы әкімдігінің 2019 жылғы 25 желтоқсандағы № 543 қаулысымен. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 2022 жылғы 28 сәуірдегі № 181 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы әкімдігінің 28.04.2022 № 181 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда – Қостанай облысы әкімдігінің 25.12.2019 № 543 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2003 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Су кодексінің 39, 117-баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабына сәйкес Қостанай облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Қаулының кіріспесіне өзгеріс енгізілді – Қостанай облысы әкімдігінің 14.03.2016 № 116 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Бейімбет Майлин ауданының Ақсуат ауылы шекараларындағы Тобыл өзенінде көлденең арна астындағы кәріз учаскесінде Тобыл орталықтандырылған сіңіру шаруашылық-ауыз суын тартудың санитарлық қорғау аймақтары белгіленсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – Қостанай облысы әкімдігінің 25.12.2019 № 543 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Н. Садуақасов

КЕЛІСІЛДІ:

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Мемлекеттік

санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау
комитетінің Қостанай облысы бойынша
департаменті" мемлекеттік мекемесі
басшысының міндетін атқарушы

_____ С. Байменова

"Қазақстан Республикасы Қоршаған
ортаны қорғау министрлігі Су ресурстары
комитетінің Су ресурстарын пайдалануды
реттеу және қорғау жөніндегі Тобыл-Торғай
бассейндік инспекциясы" республикалық
мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ Г. Оспанбекова

Әкімдіктің
2013 жылғы 16 қазандағы
№ 444 қаулысына қосымша

**Бейімбет Майлин ауданының Ақсуат ауылы шекарасындағы
Тобыл өзенінде көлденең арна астындағы кәріз
учаскесінде Тобыл орталықтандырылған сіңіру
шаруашылық-ауыз су тартудың санитарлық
қорғау аймақтары**

**Ескерту. Қосымшаға өзгерістер енгізілді – Қостанай облысы әкімдігінің
25.12.2019 № 543 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін
күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Су тарту көзінің атауы	Санитарлық қорғау аймақтарының мөлшерлері						Орташа көп жылдық судың сабалық кемері (метр)
	I-белдеу		II-белдеу		III-белдеу		
	шекарасы	ауданы	шекарасы	ауданы	шекарасы	ауданы	
Тобыл өзенінде көлденең	Ұзындығы бойынша ұзақтығы – су тартудан ағым бойынша жоғары 200 метр және су тартудан ағым бойынша төмен	6 гек-	Ұзындығы бойынша ұзақтығы – су тартудан ағым бойынша жоғары 22250 метр және су тартудан ағым бойынша	2244 гек-	Ұзындығы бойынша ұзақтығы – су тартудан ағым бойынша жоғары 22250 метр және су тартудан ағым бойынша	11250 гек-	158,55

арна астындағы кәріз	100 метр Ені бойынша ұзындығы – оң жақ және сол жақ жағалау бойынша су кемерінің сызығынан 100 метр	тар	төмен 250 метр Ені бойынша ұзындығы – оң жақ және сол жақ жағалау бойынша су кемерінің сызығынан 500 метр	тар	төмен 250 метр Ені бойынша ұзындығы – оң жақ және сол жақ жағалау бойынша су кемерінің сызығынан 3000 метр	тар	
----------------------	--	-----	--	-----	---	-----	--

Ескерту: алынып тасталды – Қостанай облысы әкімдігінің 25.12.2019 № 543 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).